

**«БЕІТЕМІН»**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Оқу-ағарту министрлігі**  
**«Ұлттық ғылыми-практикалық**  
**дене тәрбиесі орталығы» РМҚК**  
**Бас директоры**



**С. Садықов**  
**2023 ж.**

**ДЗЮДОДАН МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРЕТКЕРІ**  
**ІЛІЯС ҚАБЫЛОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН**  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДІ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ**  
**ЕРЕЖЕСІ**  
**(ұлдар-қыздар)**

**Қызылорда қаласы**  
**2023 жыл**

## 1. Мақсаты мен міндеті

ҚР балалар мен жасөспірімдер спортын дамыту және насихаттау:

- мектептің білім беру миссиясы аясында оқушылардың мектеп спорт тәжірибесін байыту;
- республика аймақтарында бұқаралық спортты дамыту және насихаттау;
- оқушыларды дене тәрбиесі мен спорт арқылы достыққа тарту;
- дзюдодан мектеп оқушылары арасында кеңінен насихаттау және бұқаралық сипатын арттыру.

## 2. Турнирді ұйымдастыру

Дзюдодан мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Қабыловты еске алуға арналған республикалық турнирдің жалпы басшылықты Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі – ҰҒПДТО) жүзеге асырады.

Жарыстың өту барысы «ҰҒПДТО» бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі.

## 3. Өткізілу орны және мерзімі

Дзюдодан мемлекет және қоғам қайраткері Ілияс Қабыловты еске алуға арналған республикалық турнирі 2023 жылдың 8-11 желтоқсан аралығында Қызылорда қаласында өткізіледі.

## 4. Турнирді өткізу жүйесі мен жарыс бағдарламасы

Турнир «Халықаралық дзюдо федерациясының» бекітілген ережесі бойынша өткізіледі.

- белдесу уақыты - 4 минут;
- алдын-ала белдесу – 3 татамида (8мх8м) өтеді;
- финалдық белдесулер – 2 татамида (8мх8м) өтеді.

Салмақ дәрежелері:

- **Ұлдар:** 50кг, 55кг, 60кг, 66кг, 73кг, 81кг, 90кг, +90кг.
- **Қыздар:** 40кг, 44кг, 48кг, 52кг, 57кг, 63кг, 70кг, +70кг.

Өтетін уақыты	Іс-шаралар	Өткізілу орны
8 желтоқсан	Командалардың келу күні	Қызылорда қаласы
10:00-16:00	Мандаттық комиссия отырысы	Қызылорда қаласы
16:30-17:30	Төрешілер мен команда өкілдерінің отырыс	
18:00-18:30	Алдын-ала салмақ өлшеу: Ұлдар-50,55,60,66кг Қыздар- 40,44,48,52 кг	

18:30-19:00	Ресми салмақ өлшеу: Ұлдар-50,55,60,66кг Қыздар- 40,44,48,52 кг	
<b>9 желтоқсан</b>	<b>Жарыстың басталуы</b>	
10:00-18:00	Салмақтар бойынша жарыстар: Ұлдар-50,55,60,66кг Қыздар- 40,44,48,52 кг Марапатту рәсімі	Қызылорда қаласы
18:30-19:00	Алдын-ала салмақ өлшеу: Ұлдар-73,81,90,+90кг Қыздар- 57,63,70,+70 кг	
19:00-20:00	Ресми салмақ өлшеу: Ұлдар-73,81,90,+90кг Қыздар-57,63,70,+70 кг	
<b>10 желтоқсан</b>	<b>Жарыстың басталуы</b>	
10:00-18:00	Салмақтар бойынша жарыстар: Ұлдар-73,81,90,+90кг Қыздар- 57,63,70,+70 кг Марапатту рәсімі	Қызылорда қаласы
<b>11 желтоқсан</b>	Командалардың қайту күні	

### 5. Турнирге қатысу және өтініш беру шарттары

Жарысқа қатысу үшін команда өкілдері келесі құжаттардың түп нұсқасын мандаттық комиссияға тапсырады:

- медициналық мекеменің және білім беру мекемесінің немесе аймақтық дене тәрбиесі орталығының мөрімен куәландырылған әрбір тегі бойынша дәрігердің рұқсатымен тіркелген өтініш (қосымша 1);

- білім басқармасының бұйрығы, қатысушылардың тізімі және жауапты өкілдің аты-жөні;

- жеке куәлігі (16 жастан бастап) немесе туу туралы куәлігі (түпнұсқа);

- мектеп директорының (БЖСМ) қолы және мөрі қойылған фото-суреті бар мектептен алынған анықтама (қосымша 2);

- жарыстың әр қатысушысына сақтандыру;

**- осы аталған құжаттар жоқ командалар жарысқа жіберілмейді, қатысушының өтінімде көрсетілмегені анықталса, команда жарыстан алынады.**

Жарысқа 2007 - 2008 ж.т. (ұ.,қ) спортшылар қатысады. Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстардың, клубтардың, БЖСМ, БЖДДК, ДЮКФП мектеп интернаттарының құрама командалары қатысады. 2009 ж.т. (ұ.,қ) қатысушылар қосымша дәрігердің анықтамасы бойынша қатысады.

**2010 ж.т. спортшылар қатыспайды.**

Ескерту: 8-ден астам қатысушы бар әр команда төрешілермен қамтамасыз етуі тиіс. **Команда құрамы әр салмаққа 2 спортшыдан жіберіледі.**

Өтініштер мандаттық комиссияға келген күні сағат 17:00-ге дейін өткізуге тиіс. Алдын-ала өтініштерді 2023 жылғы 5 желтоқсаннан кешіктірмей берілуі тиіс: электрондық пошта: [nnpckfksport@mail.ru](mailto:nnpckfksport@mail.ru)

**Құжаттары жеткіліксіз, немесе тапсырылмаған спортшылар мен төрешісі жоқ командалар жарысқа қатыстырылмайды.**

Жарыс уақытында спортшылардың денсаулығы мен жол қауіпсіздігінің жауапкершілігі команда өкілдері мен жаттықтырушыларға жүктеледі.

## **6. Қаржылық шығындар**

Жарысқа қатысушылардың шығындары (жол ақысы, тәулік ақысы, жататын орыны) жіберуші мекемелер есебінен төленеді.

Жарыс өткізуге байланысты шығындар:

-дипломдар, кубоктар, медальдар, кеңсе заттары, баннер;

-төрешілер, дәрігерлер мен техникалық қызмет көрсетушілердің еңбек ақысы;

-спорт кешенін, музыкалық аппараттар мен электронды тақтаны, транспортты жалға алу «ҰҒПДТО» есебінен төленеді.

## **7. Марапаттау**

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері «ҰҒПДТО»-ның дипломдары, кубоктары және медальдарымен марапатталады.

### **Байланыс телефондары:**

- ҚР ОАМ ҰҒПДТО – Астана қаласы, Зайнуллин М. Ш. (87013816212)
- Қызылорда облысы – Аманкелді Ж (87058256777)

**ДЗЮДО БОЙЫНША МЕКТЕП ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСЫНА  
ТАПСЫРЫС**

Облыс атауы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (мектеп атауы)

№	Оқушының аты –жөні (толығымен)	Туған күні, айы, жылы	Сыныбы	ЖСН	Дәрігердің рұқсаты
1					
2					
3					
4					
5					
6					

Жетекшісінің аты жөні:

\_\_\_\_\_ (аты-жөні, қолы, телефон нөмірі)


Дәрігердің аты жөні: \_\_\_\_\_

(аты-жөні, қолы)

Мектеп директоры:

\_\_\_\_\_ (аты-жөні, қолы, мөрі)

Ескерту: Жалпы білім беретін мекеменің басшысы мектеп командасына қатысушылар тізімінің дұрыстығына жеке жауапты болады.



**ДЗЮДО БОЙЫНША МЕКТЕП ОҚУШЫЛАР  
АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ЖАРЫСЫНЫҢ  
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

М.О.

(мектептің мөрі фотосуреттің бұрышына басылады)

Мектептің атауы

---

Т.А.Ә.

---

Туған

жылы

---

Оқу орны

---

Мектеп директоры

(А.Т.Ә., қолы, мөрі)